

АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.Мағжан,

*Қожа Ахмет Ясауи
атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті,
ф.ғ.к.*

Ф.Батыр,

*Қожа Ахмет Ясауи
атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің
2 курс студенті*

«Ғалымның хаты өлмейді» демекші, Байтұрсынұлының лингвистикалық мұралары күні бүгінге дейін өз құнын жойған жоқ. Сондықтан тіл білімі туралы зерттеулер А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниядағы адамдар тілінен айырылып, лебіден қалса, қандай қиындық түсер еді» [1, 141-б.]. Осы сөзі арқылы ғалым тілдің, сөйлеудің мәнін ерекше танытады.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы. А. Байтұрсынұлының қазақ жазуы мен емлесі, фонетикасы мен грамматикасы, терминологиясы мен методикасы жайлы жазған зерттеулері біз үшін аса құнды. Тұңғыш ана тілінде термин жасаудың нағыз үлгісін танытқан А.Байтұрсынұлы болды. Ғалым көптеген атауларға тілімізде бар, жалпыхалыққа түсінікті сөздерді қолданды. Оларға жаңа мән-мағына үстеп, ғылыми сипат берді. Тіл білімінің терминдер жүйесін осылай қалыптастырды. Ғалым А.Салқынбай А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің басты ерекшеліктерін былайша атап көрсетеді:

- анықталатын ұғымның дәлдігі;
- таңбаланған атаудың қазақилығы;
- терімсөздердің жалқылық сипатының болуы;
- нақтылығы;
- уәжділігі [2, 17-б.].

А.Байтұрсынұлының лингвистикалық зерттеулері жайлы жазған ең құнды еңбегі – «Тіл – құрал» оқулығы. Оқулық, жалпы, үш бөлімнен тұрады және кейінгі жылдары толықтырылған. Алғашқы бөлімі фонетикаға арналған, ол 1914 жылы жарық көрген. Морфология саласына арналған екінші бөлімі 1915 жылы, синтаксистке арналған үшінші бөлімі 1916 жылы жарық көрген.

А.Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдерді тіл білімінің барлық салаларынан көре аламыз. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатысты мына терминдерді атасак: дыбыс, харіп, буын, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, жарты дауысты, сөз басы, сөз аяғы, сөз ортасы, бас буын, қысқа айтылатын дыбыс, шолақ дауысты дыбыс, бітеу буын, ашық буын, жіңішке дыбыс, ашық дыбыс, тасымал, жуан дыбыстар, т.т. «Бұл терімсөздердің өміршендігінің мәні ұлттық танымға негізделуімен, өзі таңбалайтын ұғымды нақты да дәл көрсетуімен, дұрыс уәждеуімен тығыз байланысты», - дейді ғалым А.Салқынбай [2, 17-б.]. Байтұрсынұлы әрбір терминге анықтама берген. Мысалы, «Дыбыс таңбасын харіф деп атаймыз. Сондықтан жазған сөз ішінде фәлен харіф бар дейміз; айтқан сөз ішінде фәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс һәм харіф екеуі екі басқа нәрсе. Біріне-біріне қатыстырып шатастырмасқа тиіс. Дыбыс естілетін, көрінбейтін нәрсе, харіф көрінетін, естілмейтін нәрсе», - дейді [1, 146-б.]. «Бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады; мәселен, не? Же, ат, аш деген сөздердің ішінде бір-бір буыннан бар», - буынға анықтама береді. Оқулықта ғалым дауыссыз дыбыстарды жарты дауыссыз дыбыстар, қатаң дыбыстар, ұяң дыбыстар, ымыралы дыбыстар, ымырасыз дыбыстар деп бөлген. Осының ішінде қазір тілімізде қолданылмайтын термин сөздер бар. Олар жарты дауыссыз дыбыстар, ымыралы, ымырасыз дыбыстар. Мұнда Байтұрсынұлы ымыралы дыбыстарға з, ж, ымырасыз дыбыстарға ғ, г, д дыбыстарын жатқызған. Қазіргі қазақ тілінде бұл дыбыстар ұяң дыбыстар деп аталып жүргені белгілі.

Оқулықта тіл білімінің лексикология саласы жайлы жеке аталып көрсетілмеген, десек те лебіден, сөйлемнен бастап тілдің барлық бөлшектері «Сөз мүшелері» және «Сөздер» деп аталатын бөлімдерінде айтылады.

«Тіл - құралының» екінші бөлімі сөз таптарына арналған. Сөз таптарына қатысты мынандай терминдерді жасады: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, демеу, жалғаулық, одағай, шырай, деректі, дерексіз, жалқы, жалпы, септік, жалғау, жұрнақ, т.т. және оларға ғылыми анықтама беріп отырған. Ғалым 9 сөз табын атайды: 1) зат есім, 2) сын есім, 3) сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одағай.

Ғалым еңбегінде зат есімге қатысты айтылған терминдер қазіргі қазақ тілінде өзгеріссіз қолданылады. Автор сын есім жөнінде сөз қозғағанда оның екі түрін атайды. 1) Тек сыны; 2) Сыр сыны. Тек сыны нәрсенің тегін көрсетеді дейді де, мына мысалдарды береді: ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман, киіз қалпақ, т.т. [1, 217-б.]. Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы

сырын, реңін яғни, түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді деп, оған: биік, аласа, жуан, жіңішке, толық, нәзік, арық, семіз, шебер, шорқақ, қызыл, сары, т.б. мысалдарды келтіреді [1, 217-б.]. Бұл терминдер қазір тілімізде қолданылмайды. Ол қазір қатыстық және сапалық сын есім деп аталып жүр.

Сан есімге қатысты ғалым қолданған терминдерге тоқталсақ. Ол сан есімді есептік, реттік және темілдік деп үшке бөледі.

Есептік сан есімді жай есептік (бір, екі, үш) және жадағай есептік (біреу, екеу, үшеу) деп бөледі. Жадағай термині қазір тілімізде қолданыста жоқ. Оның орнына біз жинақтық сан есім деп қолданамыз.

Байтұрсынұлы қолданған темілдік сөзі қазіргі қазақ тілінде бөлшектік сан есім деп аталып жүр (жарты, жарым, ширек). «Нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететін сөздер бар; олар темілдік деп аталады. Темілдік сан: жарты, жарым, ширек. Қазақтың тілінде темілдік санның есімі тіпті аз», - дейді ғалым [1, 223-б.].

Есімдік сөз табына қатысты Байтұрсынұлы қолданған терминдердің ішінде танықтық термині қазіргі қолданысымызда жоқ. Танықтық есімдігіне еш, ешкім, ештеңе, кей, қайсыбір, біреу, әлдекім, әлдене, деген сөздерді жатқызады. Бұлар қазіргі қолданысымызда болжалдық және белгісіздік есімдігі деп аталып жүргені белгілі.

Етістік сөз табына қатысты терминдер де Байтұрсынұлы қалыптастырғандар. Қазір тілімізде қолданылмайтын, кейінгі еңбектерде кездеспейтін етістіктің категорияларына қатысты бірқатар терминдер бар. Автор етістікке мынандай анықтама берген: «Етістік дегеніміз – заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер» [1, 231-б.].

Етістіктің тілімізде белгілі ерекше категориялары бар. Соның ішінде етіс қазақ тілінде төртке бөлінеді: өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ. Байтұрсынұлы «Тіл тағылымында» етісті сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделоді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс деп бөлген [1, 231-б.].

Автор оларға мынандай анықтама берген. Беделді етіс – істі біреу арқылы істеу (үй салдырды, хат жаздырды, өлең айттырды, кітап алдырды); шығыс етіс – ортақ істі істеуге себепкер болу (балаларды күрестірдім, елді табыстырдым, елді соғыстырдым); дүркінді етіс – қайта-қайта істелетін істі білдіреді (хат жазғылады, мылтық атқылады, қолынан жұлқылады); өсіңкі етіс – күшейген істі білдіреді (су тасыңқырады, бала ұйықтаңқырады). Қазір тілімізде

қолданылмайтын, кейінгі еңбектерде кездеспейтін терминдер деп отырғандарымыз - автор қолданысындағы осы терминдер.

Қазақ тілінде А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің қатарында етістіктің айрықша категориялары көсемше және есімше де бар. Көсемшені үшке бөліп көрсеткен: үнемді, үнемсіз және ниетті көсемше. Автор қолданысындағы бұл сөздер қазіргі қазақ тілінде қолданыста жоқ дегенмен көсемше жасаушы –а, -е, й; -ып, -іп, -п; -ғалы, -гелі, қалы, -келі жұрнақтары қолданыста бар.

Бұдан бөлек А.Байтұрсынұлы үстеу, одағай, демеу, жалғаулық терминдерінің де авторы. Сонымен қатар, автор «Тіл жұмсарында» қазақ тіліндегі тыныс белгілерге де ат қою ісімен де шұғылданған. «Әріптен басқа жазуда қолданатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап біреу олай, біреу былай деп атайтын еді. Мұнда соларға ат қойылды. Мұндағы ат тек сүгіретіне қарай емес, жұмсалатын орнына қарай қойылады. Мәселен: тыныстық (.), жапсарлық (,), қосарлық (=), тастарлық (-), дәлдеулік («»), сұраулық (?), лептеулік (!)», - дей келе, әр тыныс белгісіне анықтама беріп, қойылатын жерін ғылыми тұрғыдан нақтылаған [1, 337-б.].

Қорыта келгенде, ХХ ғасырдың басында қазақ тіл білімінің негізін сала отырып, төл сөздеріміздің есебінен терминдер жасап, ғылымға негізделген Байтұрсынұлы қалыптастырған термин сөздер өміршең болуы керек, ғалымның телегей теңіздей еңбегі бағалануы керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Эверо, 2008. – 460 б.